

Денсаулық сақтау жүйесі туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы N 430 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңымен

Ескерту. Заңның күші жойылды - ҚР 2009.09.18. N 193-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 186-баптан қараңыз) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және азаматтардың денсаулық сақтауға арналған конституциялық құқықтарын іске асыру және олардың сақталу кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесі қызметінің құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу - аккредиттеудің белгіленген стандарттарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сарапшылық бағалау жүргізуге ерекше мәртебесі мен құқын тану рәсімі;

2) әскери-медициналық қызмет - әскери немесе арнаулы қызметтің болуы заңмен көзделіп, осы органдардың қызметін медициналық қамтамасыз етуге арналған әскери-медициналық бөлімшелердің, бөлімдер мен мекемелердің жиынтығы;

3) бейінді маман - клиникалық бейіндегі белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар, жоғары медициналық білімді медицина қызметкері; V064131

4) дәрігерлік қызмет - жоғары медициналық білімді, тиісті сертификаты бар мамандар жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіби қызметі;

5) денсаулық сақтау - азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған медициналық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және өзге де шаралар жиынтығы;

6) денсаулық сақтау жүйесі - қызметі азаматтардың денсаулық сақтау мен медициналық көмек алу құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар мен денсаулық сақтау субъектілерінің жиынтығы;

7) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) денсаулық сақтау субъектілері - денсаулық сақтау ұйымдары және жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар;

9) денсаулық сақтауды басқару органдары - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтау ісін мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, медициналық қызметтер органдары;

10) денсаулық сақтау ұйымы - денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

10-1) денсаулық сақтау стандарты - медициналық және дәрігерлік қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асыруды регламенттейтін құжат;

11) диагностика - аурудың диагнозын қоюға бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

12) емдеу - ауруларды жоюға және (немесе) бетін қайтаруға, сондай-ақ олардың асқынуын болғызбауға бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

13) медициналық оңалту - организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

14) медициналық көмек - халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

15) медициналық көмектің сапасы - көрсетілетін медициналық көмектің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен және медициналық ғылым мен технология дамуының қазіргі заң аяғы деңгейінің негізінде белгіленген стандарттарға сәйкестік шарасы;

16) медициналық қызмет - жоғары немесе орта білімнен кейінгі медициналық білім алған жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіби қызметі;

17) медициналық қызметтер көрсету - профилактикалық, диагностикалық емдеу немесе оңалту бағыттылығы бар медициналық қызметкерлердің нақты адамға қатысты іс-қимылы;

18) медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган - аумақтық бөлімшелері бар, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті шегінде атқарушы, бақылаушы және қадағалаушы функцияларды, сондай-ақ медициналық қызметтер көрсетудің сапасы бойынша басшылықты жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

19) медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау - медициналық қызметтер көрсету саласындағы, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан денсаулық сақтау субъектілерінің денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді орындау бойынша бақылау жөніндегі мемлекеттік орган жүргізетін тексеру;

20) медициналық сараптама - денсаулық сақтаудағы қызметтің әртүрлі салалары жай-күйінің деңгейін, сапасын және дәрежесін анықтауға бағытталған ұйымдастырушылық, талдау және практикалық іс-шаралардың жиынтығы;

21) медициналық ұйымдар - негізгі қызметі халыққа медициналық көмек пен медициналық қызметтер көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдары;

22) профилактика - салауатты өмір салтын қалыптастыруға, аурулардың пайда болуының (және олардың асқынуының) алдын алуға бағытталған медициналық қызметтер кешені;

23) тәуелсіз сараптама - медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар қызметінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында өткізілетін рәсім;

24) тәуелсіз сарапшы - денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген жеке немесе заңды тұлға;

25) тәуелсіз сарапшылардың деректер банкі - тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыру үшін мәртебесі және құқықтық өкілеттігі бар, белгіленген тәртіппен аккредиттелген жеке және заңды тұлғалардың тізілімі;

26) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі - Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетілетін медициналық қызметтің Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбесі бойынша бірыңғай медициналық көмектің көлемі;

27) халықтық медицина (емшілік) - халық жинақтаған емшілік құралдар туралы тәжірибелік мәліметтердің, сондай-ақ емшілік және гигиеналық тәсілдер мен дағдылардың жиынтығы және оларды денсаулық сақтау, аурудың алдын алу мен емдеу үшін іс жүзінде қолдану.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.12.06. N 209 , 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мен міндеттері

1. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері:

1) халықтың денсаулығын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларына жатқызу;

2) азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын сақтау және оларды мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз ету ;

3) әлеуметтік және мүліктік жағдайына қарамастан халықтың медициналық көмекке қол жетімділігі;

4) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету ;

5) азаматтардың денсаулығын ғұмыр бойы сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау;

6) азаматтардың медициналық көмек алуындағы әлеуметтік әділдік пен теңдік;

7) азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы мұқтаждықтарына денсаулық сақтау жүйесінің ықыластылығы;

8) мемлекеттік органдардың азаматтардың денсаулығын сақтау мен тыңайтуды қамтамасыз етуге жағдай жасау жолындағы жауапкершілігі.

2. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын тегін медициналық көмектің кепілді көлемімен қамтамасыз ету;

2) дәрілік заттардың тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету;

3) отандық медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуды қамтамасыз ету;

4) оқытудың осы заманғы технологияларын пайдалана отырып, медициналық және фармацевтикалық білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;

5) республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде денсаулық сақтау саласындағы қаржыландыру нормативтерін белгілеу;

6) медициналық ұйымдардың медициналық көмек көрсетудегі іс-қимылдарының сабақтастығы;

7) денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды белгілеу;

8) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін, ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді мемлекеттік қолдау;

9) медициналық ғылым мен техниканың осы заманғы жетістіктеріне, емдеудің жаңа технологияларына сәйкес медициналық көмек көрсету;

10) халықтың әлеуметтік шетін топтарындағы азаматтардың, оның ішінде аналардың, балалардың, мүгедектердің және зейнеткерлердің денсаулығын сақтау жөніндегі шараларды ұйымдастыру және өткізу;

11) халықтың денсаулық жағдайы мен өмір сүру ортасының факторлары туралы статистикалық және өзге де ақпаратты беру;

12) көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен толымдылығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңдарының өзге де талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

13) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы халықаралық ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы д а м ы т у .

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

4-бап. Денсаулық сақтау жүйесі

1. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесі мемлекеттік және мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторларынан тұрады.

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдардан, денсаулық сақтау ұйымдарынан, мемлекеттік меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардан және білім беру ұйымдарынан тұрады.

Мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторы жеке меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарынан, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардан, білім беру ұйымдарынан, сондай-ақ жеке медициналық іс-тәжірибемен шұғылданатын жеке тұлғалардан тұрады.

алғашқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріханаларды қоспағанда, жеке меншік нысанындағы денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тыйым салынады.

3. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметін мемлекеттік реттеуді және мемлекеттік бақылауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы .

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу

5-бап. Азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын қамтамасыз етудің кепілдіктері

Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына:

- 1) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға;
- 2) алғашқы медициналық-санитарлық көмекке бірдей қол жеткізуіне;
- 3) мемлекеттік және жекеше емдеу ұйымдарында, сондай-ақ жекеше медициналық іс-тәжірибемен шұғылданатын жеке тұлғалардан ақылы медициналық көмек алуға;
- 4) санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылыққа;
- 5) алып тасталды
- 6) бірыңғай денсаулық сақтау стандарттары бойынша тегін және (немесе) ақылы негізде көрсетілетін медициналық көмектің сапасына, мазмұнына және көлеміне;
- 7) медициналық және дәрігерлік көмек көрсету, фармацевтикалық өнімді шығару және өткізу бөлігіндегі кәсіпкерлік қызмет еркіндігі құқығына кепілдік б е р е д і .

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.06. N 209 Заңдарымен.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің денсаулық сақтау саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
- 2) денсаулық сақтау, медицина ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы бағдарламаларды әзірлейді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 3) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласында нормативтік құқықтық актілер шығарады;
- 4) тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің тізбесін бекітеді ;
- 5) медициналық қызметтің сапасын бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекітеді ;
- 6) осы Заңда белгіленген, азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуын қамтамасыз етеді;
- 7) медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметтің біліктілік талаптары мен лицензиялануының тәртібін бекітеді;

8) халықтың тығыздығы мен елді мекендердің шалғайлығына қарай денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекітеді ;

9) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеудің , аттестаттаудың және сәйкестікті растаудың тәртібін айқындайды;

10) азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз етудің тәртібін айқындайды;

11) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізудің тәртібін айқындайды;

12) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтер көрсетуді сатып алудың тәртібін айқындайды;

13) денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілді көлемін және ақылы қызметтер көрсетуге арналған шарттың үлгі нысанын бекітеді;

14) бюджет қаражаты есебінен медициналық ұйымдардың шығындарын өтеу тәртібін айқындайды;

15) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жүйесі мен шарттарын айқындайды;

16) денсаулық сақтау саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.06. N 209 Заңдарымен.

7-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган :

1) денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз етеді;

2) ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне басшылық жасауды жүзеге асырады;

3) ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде білім беру және ғылыми ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) медициналық және фармацевтикалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекітеді;

5) денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы бағдарламаларды іске асырады;

6) азаматтар денсаулығының мүддесіне орай салааралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

7) медициналық көмек көрсету тәртібін айқындайды;

8) техникалық регламенттерді қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік құжаттарды және есепке алу-есеп беру құжаттамасының нысандарын бекітеді;

9) денсаулық сақтау стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

10) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік статистикалық есепке алу мен есептіліктің жүргізілуін қамтамасыз етеді;

11) медициналық ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;

12) тәуелсіз сараптама жүргізу тәртібін айқындайды ;

13) медициналық қызметтерді, профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын жарнамалаудың ережесін бекітеді және олардың жарнамасына рұқсаттар берудің тәртібін айқындайды;

14) денсаулық сақтау ұйымдарының номенклатурасын , олардың қызметі туралы ережелерді ; медициналық және фармацевтикалық мамандықтардың номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын; денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымын, үлгі штаттарын және штат нормативтерін; халыққа медициналық қызмет көрсету көлемі мен деңгейінің нормативтерін әзірлейді және бекітеді ;

15) денсаулық сақтау стандарттарының, сондай-ақ медициналық, дәрігерлік қызметпен айналысу, емдік препараттарды (жануарлардың, құрамында есірткі және психотроптық заттар жоқ өсімдіктер мен шөптердің емдік өнімдерін өсіру, жинау және сатудан басқа) дайындау мен сату жөніндегі лицензиялау ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) медицина және фармацевтика ғылымының дамуын қамтамасыз етеді және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметті үйлестіреді;

17) біліктілік емтихандарын өткізу тәртібін айқындайды;

18) жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды, оның ішінде шет елдерде даярлаудың, медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттырудың және қайта даярлаудың тәртібін айқындайды;

19) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін үйлестіреді;

20) денсаулық сақтау саласында, оның ішінде дәрілік заттардың айналымы саласында республикалық ақпараттық және коммуникациялық жүйелердің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

21) ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

22) салалық көтермелеу жүйесін әзірлейді және бекітеді ;

23) медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы қызметпен айналысуға лицензиялауға қорытынды береді және лицензиялауға қатысады;

24) конкурстық негізде медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

25) конкурстық негізде денсаулық сақтау кадрларының біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға мемлекеттік тапсырысты орналастырады;

26) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтер тарифтерін қалыптастырудың және шығындарын жоспарлаудың әдістемесін айқындайды;

27) денсаулық сақтау, оның ішінде медицина ғылымы мен медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

28) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар мен қызметтер сатып алу жөніндегі тендерлік құжаттаманы бекітеді;

29) техникалық регламенттерді әзірлейді.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.06. N 209 Заңдарымен.

**7-1-бап. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы
бақылау жөніндегі мемлекеттік органның
құзыреті**

Медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган:

1) медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша нормативтік-техникалық құжаттар қабылдайды;

2) медициналық қызметтер көрсету саласын бақылауды жүзеге асырады;

3) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама мен дәрілік заттар сараптамасын қоспағанда, медициналық сараптаманың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады ;

4) дәрілік заттарды қоспағанда, медициналық қызметтердің, сондай-ақ профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдары жарнамасын бақылауды жүзеге асырады;

5) медициналық қызмет саласындағы біліктілік талаптарының және лицензиялау ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

6) денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық емделуде жатқан науқастарға дәрілік заттардың белгіленуін бақылауды жүзеге асырады;

7) денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеуді жүзеге асырады;

8) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін бағалауға тәуелсіз сараптама жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеуді жүзеге асырады;

9) әртүрлі бейіндегі мамандар арасынан тәуелсіз сарапшылардың деректер банкіні қалыптастырады;

10) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырады және өткізеді;

11) денсаулық сақтаудың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, денсаулық сақтаудың республикалық ұйымдарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын, сондай-ақ басшылардың орынбасарларын кәсіби біліктілікке аттестаттауды жүргізеді;

12) республикалық маңызы бар ұйымдар атқаратын жұмыстар мен қызметтер көрсету және уақытша еңбекке қабілетсіздік сараптамасы, сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркология сараптамасы бөлігіндегі медициналық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

13) медициналық білімі бар мамандар үшін біліктілік санатын беруге емтихан өткізеді;

14) дәрілік құралдарды қоспағанда, профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарының денсаулық сақтау практикасында қолданылуына рұқсаттар беру мен бақылауды жүзеге асырады;

15) клиникаға дейінгі және клиникалық базалар тізбесін бекітеді;

16) жеке тұлғаларға халық медицинасымен (емшілікпен) айналысуға куәліктер береді ;

17) азаматтардың көрсетілетін медициналық көмек пен медициналық қызметтер көрсетудің деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін айқындайды;

18) азаматтардың көрсетілген медициналық көмек сапасы мәселелері бойынша шағымдарын қарайды

19) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау субъектілеріне әкімшілік жазалар қолданады;

20) профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын енгізуді үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

21) медициналық қызметтер көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысады .

Ескерту. 7-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27. N 315 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті мемлекеттік органдарының құзыреті

1. Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары:

1) денсаулық сақтау саласындағы аймақтық бағдарламаларды бекітеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек беру туралы шешім қабылдайды;

2-1) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін, сондай-ақ оларға әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерлерін айқындайды;

3) тиісті бюджеттерді қалыптастыру кезінде денсаулық сақтауды қаржыландыру көлемін бекітеді, денсаулық сақтауға және медициналық білім беруге арналған шығыстардың үлесін айқындайды;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен азаматтардың бюджет қаражаты есебінен емделу үшін елді мекен шегінен тыс жерлерге тегін немесе жеңілдікпен жол жүруі туралы шешім қабылдайды.

5) **алып тасталды**

2. Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) тиісті аумақта денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) тиісті аумақта денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) денсаулық сақтау саласындағы аймақтық бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

4) азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алу құқығының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етеді;

6) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарын құрады;

6-1) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін бақылауды ұйымдастырады;

7) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін дамыту мен оларды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды;

8) денсаулық сақтаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларының қызметін үйлестіреді;

9) **алып тасталды**

10) төтенше жағдайлар кезінде азаматтарға тегін медициналық көмек көрсетуді, оларды дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді;

11) денсаулық сақтау саласындағы аймақаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

11-1) республикалық маңызы бар ұйымдар атқаратын жұмыстар мен қызметтер көрсетуді және уақытша еңбекке қабілетсіздік сараптамасын, сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркология сараптамасын қоспағанда, медициналық қызметті; дәрілік заттарды дайындаумен және бөлшек саудада сатумен байланысты фармацевтикалық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

11-2) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз етеді.

1 2) а л ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының құзыреті

Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары өз өкілеттіктері шегінде:

1) денсаулық сақтау, медицина ғылымы мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, медицина ғылымы мен медициналық білім беру саласындағы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді ;

3) азаматтарды тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде медициналық көмекпен және дәрілік заттармен қамтамасыз етеді;

4) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шараларды қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар мен медициналық қызметтер көрсетуді сатып алуды жүзеге асырады;

7) денсаулық сақтау ұйымдарының кадрлармен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

8) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларын кәсіби біліктілікке аттестаттауды жүргізеді;

9) мемлекеттік медициналық ұйымдарды жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

10) денсаулық сақтау саласындағы, оның ішінде дәрілік заттарды басқару жөніндегі аймақтық ақпараттық және коммуникациялық жүйелердің құрылуы мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

11) жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық базаларды жоғары және орта медициналық оқу орындарына беріп отырады;

11-1) алып тасталды

12) төтенше жағдайлар кезінде азаматтарға тегін медициналық көмек көрсетуді, оларға дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді және оны ұйымдастырады;

13) денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді;

14) халықты гигиеналық оқыту мен тәрбиелеуді, салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастырады;

15) халықты әлеуметтік қаупі бар аурулардың және жұртқа қауіпті болып табылатын аурулардың таралуы туралы хабардар етеді;

16) азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды.

17) алып тасталды

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

9-1-бап. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бұзушылықтарды жоюға және мемлекеттік органның лауазымды адамдары берген нұсқамаларды орындауға бағытталған.

2. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін белгіленген стандарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы

заңнамасы нормаларының орындалуын тексеру мақсатында халыққа медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын объектілерге (қызметтік куәлік бойынша) кедергісіз баруға;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы денсаулық сақтау субъектілеріне нұсқамалар беруге;

3) денсаулық сақтау субъектілерінен халыққа медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

4) медициналық қызметтер көрсету саласында бақылау жүргізу үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға;

5) аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға, маманды аккредиттеу туралы куәлікті және оның сертификатын қайтарып алуға, денсаулық сақтау субъектілеріне арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, медициналық қызметті жүзеге асыру лицензиясынан айыру туралы ұсыныстар енгізуге;

б) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

3. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар шығарған шешімдер денсаулық сақтау субъектілерінің міндетті орындауына жатады және оларға жоғары тұрған органға немесе сот тәртібімен шағым жасала алады.

4. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар тексерулердің мынадай түрлерін жүргізуге құқылы:

1) жоспарлы тексеру - алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт аралығы ескеріле отырып жүргізілетін алдын ала жоспарланған тексеру;

2) жоспардан тыс тексеру - халықтың денсаулығы мен өміріне төнген қауіпті жою мақсатында жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне, арыздарына, жоғары тұрған органның тапсырмасына дереу ден қоюды талап ететін, қалыптасқан жағдайға байланысты жүргізілетін тексеру;

3) қарсы тексеру - тексерілетін денсаулық сақтау субъектісімен шарттық міндеттемесі не өзге де құқықтық өзара қатынастары болған жеке немесе заңды тұлғаға (филиалына немесе өкілдігіне) қатысты ұсынылған ақпараттың дәйектілігін анықтау не қосымша ақпарат алу мақсатында жоспардан тыс тәртіппен жүргізілетін тексеру;

4) рейдтік тексеру - бірнеше денсаулық сақтау субъектілерінің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасының жекелеген

талаптарын сақтауы мәселелері бойынша олардың қызметін бір мезгілде қамтитын тексеру;

5) бірлескен тексеру - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасының сақталуы мәселелері бойынша бірнеше бақылаушы органның денсаулық сақтау субъектісінің қызметін тексеруі.

Ескерту. 9-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялау

Медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызмет Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялауға жатады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу

1. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін сыртқы кешенді бағалау негізінде жүзеге асырылады және ерікті сипатта болады.

2. Белгіленген аккредиттеу стандарттарына сәйкес келетін заңды және жеке тұлғалар аккредиттеу субъектісі бола алады.

3. Денсаулық сақтау, аккредиттеу, аттестаттау субъектілерінің қызметіне сараптама жүргізу және денсаулық сақтау саласындағы біліктілік емтихандарын өткізу үшін белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшылар тартылуы мүмкін.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Денсаулық сақтау саласындағы сәйкестікті растау

1. Өнімдердің, процестердің, қызмет көрсетулердің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Шет мемлекет берген сәйкестікті растау саласындағы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес танылады.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.06. N 209 Заңымен.

13-бап. Денсаулық сақтау стандарттары

1. Денсаулық сақтау стандарттары денсаулық сақтау субъектілері үшін міндетті болып табылады.

2. Денсаулық сақтау стандарттары стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға жатпайды, оларды реттеу Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.06. N 209 Заңымен.

3-тарау. Денсаулық сақтау субъектілері

14-бап. Денсаулық сақтау ұйымдары

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінде мынадай денсаулық сақтау ұйымдары жұмыс істейді:

1) алғашқы медициналық-санитарлық және консультативтік-диагностикалық көмек көрсететін ұйымдар ;

2) стационарлық көмек көрсететін ұйымдар ;

3) жедел медициналық көмек ұйымдары;

4) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары ;

5) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

6) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар;

7) денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары ;

8) қан қызметі, сот медицинасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары ;

8-1) салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары ;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де денсаулық сақтау ұйымдары .

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

15-бап. Жекеше медициналық іс-тәжірибемен шұғылданатын жеке тұлғалар

1. Жеке тұлғалар медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметпен айналысуға арналған лицензиясы болған кезде медициналық көмек пен медициналық қызметтер көрсетуге құқылы.

2. Осы Заңның 33-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті бейіндегі медициналық білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар жеке тұлғалардың жекеше медициналық іс-тәжірибемен шұғылдануға

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

4-тарау. Денсаулық сақтау жүйесін қаржымен қамтамасыз ету

16-бап. Денсаулық сақтау жүйесін қаржымен қамтамасыз ету көздері

1. Денсаулық сақтаудың мемлекеттік ұйымдарын қаржымен қамтамасыз ету: мемлекеттік бюджет қаражаты; медициналық сақтандыру қаражаты; ақылы негізде медициналық қызметтер көрсетуден алған қаражаттары; Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

2. Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес ұйымдарын қаржымен қамтамасыз е т у :

тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге арналған мемлекеттік б ю д ж е т қ а р а ж а т ы ;

медициналық сақтандыру қаражаты; ақылы негізде медициналық қызметтер көрсетуден алынған қаражат; Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге арналған шығындарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

17-бап. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру нысандары

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру мынадай нысандарда:

мемлекеттік медициналық мекемелер - жеке қаржыландыру жоспары б о й ы н ш а ;

мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, денсаулық сақтау ұйымдары - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын нысандар бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен шарттық негізде; алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін және бекітілген халқы бар ұйымдар жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

18-бап. Денсаулық сақтау ұйымдарының қаржы қаражаттарын пайдалану

1. Денсаулық сақтау жүйесінің қаржы қаражаттары: медициналық көмектің тегін кепілді көлемін көрсету жөніндегі шығындарды өтеуге;

денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды іске асыруға; денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауға; өмірлік маңызы бар дәрілік заттарды, қанды және оның компоненттерін, вакциналарды және басқа да иммунобиологиялық медициналық препараттарды, сондай-ақ медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға;

жұқпалы аурулардың көріністері мен эпидемиясын жоюға; медицина және фармацевтика кадрларын даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға;

медицина ғылымын дамытуға және жетістіктерін енгізуге; Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де шығыстарға бағытталады.

2. Медицина ұйымдарының тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету жөніндегі шығындарын өтеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Шығындарды өтеу медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асыратын көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылаудың нәтижелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

5-тарау. Медициналық қызмет

19-бап. Қазақстан Республикасындағы медициналық және фармацевтикалық қызметтің түрлері

Қазақстан Республикасында медициналық және фармацевтикалық қызметтің мынадай түрлері жүзеге асырылады:

- 1) медициналық көмек;
- 2) санитарлық авиация;
- 3) санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы қызмет;
- 4) салауатты өмір салтын насихаттау;
- 5) санаторий-курорттық қызмет;
- 6) халықтық медицина (емшілік);

- 7) қан қызметі;
- 8) сот медицинасы;
- 9) дәрілік заттардың айналысы саласындағы қызмет;
- 10) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет;
- 11) денсаулық сақтау саласындағы білім беру;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

Денсаулық сақтау жүйесінің мемлекеттік мекемелері қызметінің негізгі және қосымша түрлері олардың құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

20-бап. Медициналық көмек

1. Медициналық көмекті денсаулық сақтау ұйымдары және жекеше медициналық іс-тәжірибемен шұғылданатын жеке тұлғалар жүзеге асырады.

2. Медициналық көмектің негізгі түрлері:

- 1) дәрігерге дейінгі медициналық көмек;
- 2) білікті медициналық көмек;
- 3) мамандандырылған медициналық көмек;
- 4) жоғары мамандандырылған медициналық көмек болып табылады.

3. Тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне:

- 1) халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;
- 2) жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету;

3) алғашқы медициналық-санитарлық көмектің және медициналық ұйымдардың мамандарын жіберу жөніндегі стационарлық медициналық көмек;

4) әлеуметтік мәні бар аурулардан және жұртқа қауіпті болып табылатын аурулардан зардап шегушілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша медициналық көмек көрсету;

5) медициналық көмектің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылданатын қосымша түрлері кіреді.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

21-бап. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек

1. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек - профилактика мақсатында, сондай-ақ диагностика, емдеу және медициналық оңалту әдістерін дәрігердің қатысуымен пайдалануды талап етпейтін аурулар кезінде медициналық орта білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін көмек.

2. Дәрігерге дейінгі медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

22-бап. Білікті медициналық көмек

1. Білікті медициналық көмек - диагностиканың, емдеу және медициналық оңалтудың мамандандырылған әдістерін пайдалануды талап етпейтін аурулар кезінде жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін медициналық көмек.

2. Білікті медициналық көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді .

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

23-бап. Мамандандырылған медициналық көмек

1. Мамандандырылған медициналық көмек - диагностиканың, емдеу және медициналық оңалтудың арнайы әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейіндік мамандар көрсететін медициналық көмек.

2. Мамандандырылған медициналық көмекті денсаулық сақтаудың көп бейінді ұйымдары алғашқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық немесе стационарлық медициналық көмек нысанында көрсетеді.

3. Мамандандырылған медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган және облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары белгілейді .

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

24-бап. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек

1. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек - диагностиканың, емдеу және медициналық оңалтудың жаңа технологияларын пайдалануды талап ететін аурулар кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын медициналық ұйымдарда бейіндік мамандар көрсететін медициналық көмек.

2. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіруді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Жоғары мамандандырылған медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді .

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

25-бап. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту

1. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту туа біткен және жүре келе пайда болған аурулардан, қатты, созылмалы аурулар және жарақаттар салдарынан зардап шегуші азаматтарға көрсетіледі.

2. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту денсаулық сақтау ұйымдарында, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдарында, сондай-ақ санаторий-курорттық ұйымдарда жүргізіледі.

3. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалтудың түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдар белгілейді .

26-бап. Медициналық көмек көрсету нысандары

Медициналық көмек мынадай нысандарда көрсетілуі мүмкін:

- 1) жедел медициналық көмек;
- 2) алғашқы медициналық-санитарлық көмек;
- 3) консультациялық-диагностикалық көмек;
- 4) стационарлық көмек;
- 5) стационарды алмастыратын көмек;
- 6) санаторий-курорттық емдеу.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

27-бап. Жедел медициналық көмек

1. Жедел медициналық көмек - денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау немесе өмірге төнген қатерді жою үшін аса шұғыл медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жай-күй туындаған кездегі медициналық көмек көрсету нысаны.

2. Жедел медициналық көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген тәртіппен мамандандырылған ұйымдар және жедел медициналық көмек қызметтері құрылады.

3. Жедел медициналық көмек Қазақстан Республикасының азаматтарына және оның аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тегін көрсетіледі.

4. Жедел медициналық көмек ұйымдарына ақылы қызмет көрсетумен шұғылдануға тыйым салынады .

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

28-бап.

Ескерту. 28-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

28-1-бап. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек

1. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек - адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, қолжетімді медициналық қызмет көрсету кешенін:

1) неғұрлым кең таралған аурулардың диагностикасын және емдеуді, сондай-ақ жарақаттануды, улануды және басқа да шұғыл жағдайларды;

2) санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шараларды және аурулардың профилактикасын;

3) халықты гигиеналық оқыту мен тәрбиелеу, отбасын, ананы, әкені және баланы қорғау;

4) халықтың сумен қауіпсіз қамтылуы және тиімді тамақтануы жөніндегі түсіндіру жұмыстарын қамтитын тәулік бойы медициналық бақылаусыз дәрігерге дейінгі немесе білікті медициналық көмек.

2. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті мынадай мамандар: учаскелік терапевтер, педиатрлар, акушер-гинекологтар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер, медбикелер көрсетеді.

3. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдардың қызметі медициналық ұйымды еркін таңдау құқығын ескере отырып, азаматтарға тұрғылықты және (немесе) бекітілген жері бойынша медициналық көмектің қолжетімдігін қамтамасыз ету мақсатында аумақтық принцип бойынша жүргізіледі.

4. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету түрлерін, көлемін, тәртібін, сондай-ақ азаматтарды алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына тіркеу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

5. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыруды жергілікті мемлекеттік басқару органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 28-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

28-2-бап. Консультациялық-диагностикалық көмек

1. Консультациялық-диагностикалық көмек - тәулік бойы медициналық бақылаусыз мамандандырылған немесе жоғары мамандандырылған медициналық көмек.

2. Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 28-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

29-бап. Стационарлық көмек

1. Стационарлық көмек - тәулік бойы медициналық бақылауы бар білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету нысаны.

2. Стационарлық көмек денсаулық сақтау ұйымдарында, олардың лицензия бойынша айқындалатын қызметінің бағытына сәйкес көрсетіледі. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы қызметінің тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды .

3. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымындағы медициналық көмектің көлемі мен түрлерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды .

4. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары азаматтарға тиісті күтім мен тамақтануды қамтамасыз етеді.

5. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберіндегі стационарлық көмек денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланған санының (шектелген көлемдерінің) ш е г і н д е к ө р с е т і л е д і .

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

30-бап. Стационарды алмастыратын көмек

1. Стационарды алмастыратын көмек - бір күннің ішінде ұзақтығы төрт сағаттан сегіз сағатқа дейін болатын медициналық бақылауы бар дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету нысаны.

2. Стационарды алмастыратын бөлімшелердің қызмет тәртібін, олардың бейіндерін және оларда көрсетілетін медициналық көмектің көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді .

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

31-бап. Санитарлық авиацияның қызметін ұйымдастыру

1. Қатынасу қиын жерлердегі азаматтарға аса шұғыл медициналық көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасында санитарлық авиация қызметі көзделеді.

2. Санитарлық авиация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

32-бап. Санаторий-курорттық емдеу

1. Санаторий-курорттық емдеу - табиғи-климаттық, физиотерапиялық және басқа да емдеу факторларын пайдалана отырып, профилактика және медициналық оңалту жөніндегі медициналық көмек көрсету нысаны.

2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган санаторий-курорттық емдеу көрсетілген аурулар мен денсаулық бұзылуының тізбесін айқындайды .

3. Медициналық көмек көрсететін санаторий-курорттық ұйымдар өз қызметін лицензия негізінде жүзеге асырады.

4. Азаматтарға санаторий-курорттық емделу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жолдамалар беріледі.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

32-1-бап. Салауатты өмір салтын насихаттау

Салауатты өмір салтын насихаттау медициналық қызмет көрсету түрі болып табылады және салауатты өмір салтын қалыптастыру, аурулардың профилактикасы және азаматтардың салауатты өмірімен байланысты аурулардың алдын алу мәселелерінде халықты ақпараттық қамтамасыз ету, гигиеналық оқыту және тәрбиелеу арқылы халықтың денсаулығын нығайтуды қамтиды.

Салауатты өмір салтын насихаттауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның үйлестіруі және әдістемелік басшылығы аясында денсаулық сақтау субъектілері қамтамасыз етеді.

Салауатты өмір салтын насихаттау, аурулардың профилактикасы және халықтың денсаулығын нығайту жөніндегі іс-шараларды басқа да мүдделі министрліктермен, халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

Ескерту. 32-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

33-бап. Халықтық медицина (емшілік)

1. Тиісті лицензиясы болған кезде медициналық білімі бар адамдардың халықтық медицина (емшілік) әдістерімен емдеуге құқығы бар.

Ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен медициналық білімі жоқ адамдарға халықтық медицина (емшілік) әдістерімен емдеуге лицензия берілуі мүмкін.

2. Жаппай емшілік сеанстарын, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып өткізуге тыйым салынады.

3. алып тасталды

4. Халықтық медицина (емшілік) қызметтерін көрсетуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бақылау жасайды.

5. Халықтық медицинамен (емшілікпен) заңсыз түрде шұғылданатын адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Ақылы медициналық көмек алудың негіздері мен тәртібі

1. Ақылы медициналық қызметтерді мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау ұйымдары аурудың түрі мен медициналық және дәрігерлік қызметпен айналысуға арналған лицензияға сәйкес келгенде жеке медициналық іс-тәжірибемен айналысатын жеке тұлғалар көрсетеді.

2. Ақылы қызметтің түрлері мен олардың баға прейскуранты мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау ұйымдарындағы және жеке медициналық іс-тәжірибемен айналысатын жеке адамдардағы көрнекі ақпарат арқылы азаматтардың назарына жеткізіледі.

3. Ақылы негізде көрсетілетін медициналық қызметтердің бағалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

4. Азаматтарға ақылы қызмет көрсеткен кездегі есепке алу-есеп беру медициналық құжаттамасын жүргізу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жүзеге асырылады.

5. Денсаулық сақтау ұйымы азаматтар өтініш жасаған кезден бастап ақылы медициналық көмекті уақтылы және сапалы көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

6. Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызмет көрсетудің шарттары мен тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асыратын ақылы қызметтен түскен қаражаттарды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды .

Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

34-1-бап. Денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер көрсету тәртібі

1. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінен тыс, сондай-ақ медициналық емес сипаттағы ақылы қызметтерді санитарлық-эпидемиологиялық , туберкулез, психоневрология мекемелері, денсаулық сақтау жүйесінің сот сараптамасы органдары, лепрозорийлер көрсетеді.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулез, психоневрология мекемелері, денсаулық сақтау жүйесінің сот сараптамасы органдары, лепрозорийлер ұсынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен пайдаланылады.

Ескерту. 34-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

5-1-тарау. Халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру

Ескерту. 5-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

34-2-бап. Халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру

1. Халыққа медициналық көмекті ұйымдастыруды - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, медициналық көмек көрсетуді-денсаулық сақтау субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Денсаулық сақтау субъектілері:

1) лицензияға сәйкес сапалы медициналық көмек көрсетуді;

2) диагностиканың, профилактика мен емдеудің әдістерін, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган рұқсат берген дәрілік заттарды қолдануды;

3) төтенше жағдайлардағы жұмысқа әзірлікті;

4) айналасындағыларға қауіпті болып табылатын аурулардың, сондай-ақ кәсіби аурулардың алдын алу, диагностикалау мен емдеу жөніндегі профилактикалық медициналық іс-шараларды жүргізуді;

5) азаматтарға медициналық көмектің нысандары мен түрлері туралы тегін, жедел және шынайы ақпарат ұсынуды;

6) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді сақтауды;

7) басқа да денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимыл мен сабақтастықты;

8) салауатты өмір салтын насихаттауды және халықты гигиеналық оқытуды;

9) бастапқы медициналық құжаттарды жүргізуді, денсаулық сақтау және мемлекеттік статистика салаларындағы уәкілетті органдар белгілеген нысандар, түрлер, көлем, тәртіп пен мерзімдер бойынша есептер тапсыруды;

10) айналасындағыларға қауіпті болып табылатын жұқпалы аурулар, улану, психикалық және мінез-құлықтың бұзылу жағдайлары туралы денсаулық сақтау саласындағы тиісті мемлекеттік органдарға, ал жаңа алған жарақаттар, жаралар, қылмыстық түсініктер бойынша көрінген адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ айналасындағыларға қауіпті болып табылатын аурулардың жағдайлары туралы ішкі істер органдарына хабарлауды қамтамасыз етуге міндетті.

6-тарау. Медициналық сараптама қызметі

35-бап. Медициналық сараптаманың түрлері

1. Қазақстан Республикасында медициналық сараптаманың мынадай түрлері жүзеге асырылады:

1) медициналық қызметтер көрсету сапасының сараптамасы;

- 2) еңбекке уақытша қабілетсіздік сараптамасы;
- 3) алып тасталды
- 4) әскери-дәрігерлік сараптама;
- 5) сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамалары;
- 6) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама;
- 7) дәрілік заттардың сараптамасы;
- 8) ғылыми-медициналық сараптама.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен медициналық сараптаманың басқа да түрлері жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Медициналық сараптама азаматтардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Медициналық сараптаманы жүргізетін сарапшыларды аккредитациялауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Әскери-дәрігерлік сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасына с ә й к е с б е к і т е д і .

Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

36-бап. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама

1. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама - жеке және заңды тұлғалар ұсынатын медициналық қызмет сапасының деңгейі жөнінде қорытынды жасау үшін жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық, талдамалық және практикалық іс-шаралар жиынтығы.

2. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптаманы медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік орган және (немесе) тәуелсіз медицина сарапшылары жүргізеді.

3. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптамаға:

1) көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасын, медициналық ұйымдарды қаржыландыру мөлшерінің негізділігін анықтау;

2) медицина қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің салалық нормативтер талаптарына сәйкестігін анықтау;

3) медициналық қондырғылармен жабдықталудың белгіленген нормативтерге сәйкестігін анықтау;

4) азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;

5) азаматтардың көрсетілетін медициналық көмек пен медициналық қызметтер көрсетудің деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау;

6) алып тасталды

7) сапасыз медициналық қызметтер көрсетудің себептерін анықтау, оларды жою және медициналық көмек көрсетуді жетілдіру жөнінде шараларды қабылдау кіреді.

4. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді .

5. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама қорытындысына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым ж а с а л у ы м ү м к і н .

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-бап. Еңбекке уақытша қабілетсіздік сараптамасы

1. Азаматтардың еңбекке уақытша қабілетсіздігі сараптамасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен медициналық ұйымдардың дәрігерлері немесе дәрігерлік комиссия жүргізеді.

2. Жекелеген жағдайларда облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының шешімі бойынша мемлекеттік сектордың медициналық ұйымдарында азаматтардың еңбекке уақытша қабілетсіздігін сараптама жасау орта медициналық білімі бар қызметкерге тапсырылуы мүмкін.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

38-бап.

Ескерту. 38-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

39-бап. Әскери-дәрігерлік сараптама

1. Әскери-дәрігерлік сараптама денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке немесе әскери қызметке теңестірілген арнайы қызметке жарамдылықты белгілеу үшін, сондай-ақ әскери немесе арнаулы қызметті (әскери жиындарды) өткеріп жүргенде азаматтардың сырқаттануының, мертігуінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алуының) және қайтыс болуының себепті байланыстарын анықтау үшін жүргізіледі.

2. Әскери-дәрігерлік сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық дәрежесі көрінеу дұрыс белгіленбеген, азаматтың денсаулығының нашарлауына, мүгедектікке немесе өлімге әкеп соққан кезде, қабылданған шешімге жауапты адам немесе адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес

жауаптылықта

болады.

4. алып тасталды

Ескерту. 39-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. № 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

40-бап. Сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамалары

1. Сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамаларын мемлекеттік денсаулық сақтау секторының медицина ұйымдарында сот сараптамасы органдары жүргізеді.

2. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің сот-медицина, сот-психиатрия немесе сот-наркология сараптамаларын тағайындаған органның алдында сараптама комиссиясының құрамына тиісті маманды оның келісімімен енгізу жөнінде өтініш жасауға құқығы бар.

3. Сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамаларын ұйымдастыру мен жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

4. Сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамаларының қорытындысына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. № 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

41-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама

1. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары жүргізеді және ол:

1) қоршаған тіршілік ортасы объектілерінің санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға, халықтың денсаулығына әсерін кешенді бағалауды;

2) адамдардың сырқаттануы мен улануының туындау себептері мен жағдайларын зерттеуді;

3) шаруашылық немесе өзге қызмет процесінде қабылданатын шешімдердің санитарлық-гигиеналық ережелердің, гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкестігін бағалауды қамтамасыз етеді.

42-бап. Дәрілік заттың сараптамасы

1. Дәрілік заттың сараптамасы - дәрілік затты физикалық-химиялық, биологиялық, клиникаға дейінгі сынақтар, клиникалық зерттеулер жүргізу,

биоэквиваленттігін анықтау арқылы оның қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы тұрғысында зерттеу немесе сынау, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен дәрілік затты тіркеуге ұсынған нормативтік құжаттарды зерделеу. V075112

2. Дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын бағалауды ұйымдар дәрілік затқа оның нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізілген сараптама негізінде, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

3. Сараптаманы дәрілік затты әзірлеуге және өндіруге тікелей қатыспаған, уәкілетті орган айқындайтын ұйым жүргізеді.

Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

43-бап. Ғылыми-медициналық сараптама

1. Ғылыми-медициналық сараптаманың объектілері:

- 1) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламаларының жобалары;
- 2) республикалық нысаналы ғылыми-медициналық бағдарламалар;
- 3) аяқталған ғылыми-медициналық бағдарламалар мен жобалардың нәтижелері;
- 4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын алуға ұсынылған ғылыми жұмыстар;
- 5) денсаулық сақтау іс-тәжірибесіне енгізу үшін жоспарланған ғылыми-медициналық әзірлемелер болып табылады.

2. Ғылыми-медициналық сараптаманы өткізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді .

7-тарау. Фармацевтикалық қызмет

44-бап. Фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеу

1. Фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеуді:
Қазақстан Республикасының Үкіметі;
денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган;
облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары жүзеге асырады.

2. Фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

- 1) дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу ;
- 2) фармацевтикалық қызметті лицензиялау ;
- 3) дәрілік заттардың сәйкестігін растау;
- 4) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды аттестаттау ;

5) фармацевтикалық қызметке мемлекеттік бақылау жасау;

б) уәкілетті органның:

негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттардың тізімін ;
аурулар түрлерінің және амбулаториялық емделу кезінде дәрілік заттар,
арнайы емдік тағам рецепт бойынша тегін немесе жеңілдікті жағдайда берілетін
халықтың жекелеген санаттарының тізбесін бекіту рәсімін жүргізу арқылы
жүзеге асырылады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.
N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 171 (
қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.06. N 209 Заңдарымен.

45-бап. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылаудың мемлекеттік жүйесі

1. Қазақстан Республикасының аумағында жасалған және оның аумағына
әкелінетін дәрілік заттар мемлекеттің бақылау жасауына жатады.

2. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылаудың мемлекеттік
жүйесіне:

фармацевтикалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын
мемлекеттік орган;

дәрілік заттарды әзірлеуге, қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын зерттеу
мен сынауға арналған ғылыми-зерттеу ұйымдары, институттар, орталықтар,
зертханалар;

дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын бағалау жөніндегі
сараптама комиссиялары;

дәрілік заттар туралы ақпарат жүйесі дәрілік заттарға сараптама жасау
жөніндегі орталық кіреді.

8-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет

46-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметтің субъектілері

1. Негізгі міндеті ретінде денсаулық сақтау саласындағы ғылыми және (
немесе) ғылыми-техникалық қызметті, ғылыми кадрлар даярлауды жүзеге
асыратын заңды тұлға денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым (бұдан әрі -
ғылыми ұйым) болып табылады.

2. Ғылыми ұйымдар ғылыми-зерттеу ұйымдарына (ғылыми-зерттеу
институттары, ғылыми орталықтар), жоғары медициналық білім беру
ұйымдарына және ғылыми-медициналық қызметпен шұғылданатын өзге де
ұйымдарға бөлінеді.

3. Ғылыми ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес медициналық және білім беру қызметімен шұғылдана алады.

Медицина ғылымы мен білім беру саласында ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) және ғылым докторының ғылыми дәрежелері үшін мына адамдарға:

1) медициналық білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес;

2) ғылыми бағдарламаларды орындайтын медициналық ғылыми ұйымдардың ғылыми қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңдарына сәйкес қосымша ақы белгіленеді.

4. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет субъектілері қатысқан қатынастарды реттеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

47-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметті үйлестіру

1. Іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми әзірлемелердің басымдықтарын қалыптастыруды, азаматтардың денсаулығын сақтауды ғылыми қамтамасыз ету саласындағы республикалық бағдарламаларды үйлестіруді, медицина ғылымын дамыту тұжырымдамасын әзірлеуді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ғылыми ұйымдардың құрылтайшысы болады.

3. Ғылыми зерттеу бағдарламаларын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерінен жүзеге асырылады.

4. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы ғылыми бағдарламалардың кешенді сараптамасын жүзеге асырады.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

9-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру

48-бап. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі

1. Денсаулық сақтау жүйесі үшін кәсіби ғылыми-педагог, медицина және фармацевтика қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметінің міндеттері болып табылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес клиникалық базалар және мамандандырылған даярлықтың жоғары сапасын қамтамасыз ететін қажетті әлеуеті болған жағдайда жоғары, орта медициналық білім беру ұйымдарында және білім беру ұйымдарының медицина факультеттерінде жүзеге асырылады. Білім беру қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылады.

3. Жоғары және орта оқу білімнен кейінгі медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламаларын игерген адамдар үшін мемлекеттік үлгідегі диплом, клиникалық мамандықтар бойынша - интернатураны бітіргенін растайтын мемлекеттік үлгідегі куәлік, маманның сертификаты олардың медициналық ұйымдарда қызмет лауазымдарын иеленуіне негіз болып табылады.

4. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білім беру резидентураны, магистратураны және докторантураны қамтиды. Резидентурада оқыту ережелерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді .

5. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган сұраныстарды ескере отырып орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандар даярлауды жоспарлау жүйесін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 48-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

49-бап. Денсаулық сақтау саласындағы біліктілік емтихандары

1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік емтихандары жоғары немесе орта білімнен кейінгі медициналық немесе фармацевтикалық білімі бар адамдардың кәсіби медициналық, дәрігерлік немесе фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға дайындығын айқындау мақсатында өткізіледі.

2. Санат берілмейтін бірінші біліктілік емтиханы интернатурадағы оқу аяқталғаннан кейін, ал орта медицина қызметкерлері үшін колледждегі оқуын бітіргеннен кейін өткізіледі. Біліктілік емтихандары әрбір бес жыл сайын өткізіліп тұрады. Маман кезекті біліктілік емтиханына медициналық білім беру қызметіне лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарында соңғы бес жыл ішінде біліктілігін арттырған жағдайда жіберіледі.

3. Денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік емтихандарын өткізудің нәтижелері бойынша қолданылу мерзімі бес жылға, біліктілік деңгейі туралы белгіленген үлгідегі құжат (маманның сертификаты) беріледі.

4. Маманның тиісті сертификаты болмаған, сондай-ақ оны қолдану мерзімі аяқталған жағдайда жеке тұлғаға дәрігерлік қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Ескерту. 49-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

50-бап. Қазақстан Республикасы дәрігерінің анты

1. Жоғары медициналық оқу орындарының медициналық мамандықтар бойынша оқып бітірген түлектері Қазақстан Республикасы дәрігерінің антын қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасы дәрігері антының мәтінін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

10-тарау. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

51-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

1. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің:
 - кәсіби қызметін жүзеге асыруға арналған жағдаймен қамтамасыз етілуіне;
 - бес жылда кемінде бір рет өзінің біліктілік деңгейін мемлекеттік бюджеттің немесе денсаулық сақтау саласының мемлекеттік емес секторы ұйымының қызметкерлері болса, жұмыс берушінің қаражаты есебінен көтеруге;
 - штат санының қысқаруына немесе денсаулық сақтау ұйымдарының тарауына байланысты қызметкерлер босап қалған жағдайда, бюджет немесе жұмыс берушінің қаражаты есебінен қайта даярлықтан өтуіне;
 - еңбек міндеттерін атқару кезінде өздерінің денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен өтетуге;
 - азаматтың өміріне қауіп төнген жағдайда ұйымдардың немесе азаматтардың меншігіндегі байланыс құралдарын, сондай-ақ қолда бар көліктің кез келген түрін азаматты таяу жердегі медициналық ұйымға жеткізу үшін кедергісіз және тегін пайдалануға;
 - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүріп-тұру сипатындағы қызметіне байланысты көлік шығындарын өтетуге;
 - кәсіби міндеттерін жоғары сапалы деңгейде орындағаны үшін көтермелеуге;
 - өзінің кәсіби ар-намысы мен абыройын қорғауға құқығы бар.
2. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ғылыми-педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бюджет қаражаты, жұмыс

берушінің қаражаты, өз қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала типіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне мынадай әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады:

коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен өтеу;

жеке меншігінде малы барлар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімі бойынша жем-шөппен, мал жайылатын және шөп шабылатын жер учаскелерімен қамтамасыз етіледі.

3-1. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады.

4. Медицина және фармацевтика қызметкерлері:

ауруларды профилактикалауға және азаматтардың денсаулығын тыңайтуға ықпал етуге, медициналық көмек көрсетуге;

аса шұғыл жағдайларда халыққа кешеуілдетуге болмайтын медициналық көмек көрсетуге;

халық арасында медициналық білімді және салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмысты жүргізуге;

кәсіби этика талаптарын сақтауға, дәрігерлік құпияны сақтауға, азаматтың аурулары, интимдік және отбасылық өмірі туралы мәліметтерді жария етпеуге;

кәсіби деңгейін үнемі арттырып отыруға міндетті.

Ескерту. 51-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.15 N 253 , 2008.12.24 N 111-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

52-бап. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары

1. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. V021758

2. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындайды.

3. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 52-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.

11-тарау. Қорытынды ережелер

53-бап. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық

1. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарының, денсаулық сақтау ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық ынтымақтастықты және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының азаматтарын шет елге емделуге жіберу тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды .

54-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық

Осы Заңның бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті